

Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, «Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті» Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесінің лингводидактика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Фролова Галина Михайловнаның доктор философиясы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «Болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі

Бейкутова Арайлым Муратбековнаның диссертациялық зерттеуі болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативтік құзыреттілігін (бұдан әрі – ШМК) қалыптастыру мәселесіне арналған өзекті ғылыми тақырыпты қамтиды. Қазіргі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында журналистика саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мәселесі ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған зерттеу ғылыми және қолданбалы тұрғыдан қазіргі заман талаптарына толық жауап береді. Ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнын саралай келе, Арайлым Муратбековна зерттеу нысаны мен пәнін терең меңгергендігін назарға алдым. Бұл ең алдымен диссертацияда пайдаланылған ғылыми әдебиеттердің кең ауқымынан байқалады. Зерттеудің теориялық бөлімінде автор Қазақстан Республикасындағы шеттілдік білім беру мен журналистердің кәсіби даярлығына қатысты нормативтік құжаттарға, ғылыми тұжырымдамалар мен педагогикалық тәсілдерге жан-жақты талдау жүргізген.

Ғылыми зерттеу жұмысының шеңберінде қалыптастырылатын ШМК құрамы лингвопрагматикалық, әлеуметтік мәдени, ақпараттық аналитикалық, цифрлық субқұзыреттіліктерге жіктеліп, құзыреттілік, студентке бағытталған және жүйелік-іс-әрекеттік тәсілдерді жетекші ретінде алуы зерттеудің әдіснамалық тұғыры білім берудің қазіргі парадигмасына негізделгендігінің дәлелі. Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмысының әдістемесінде оқу процесінің цифрлық технологияларды енгізу, модульді, дербестік, шығармашылық, теория мен тәжірибені байланыстыру және мәдени-танымдық принциптері ескерілген. Диссертациялық зерттеу барысында педагогикалық бақылау, талдау, синтез және педагогикалық эксперимент сияқты өзара толықтыратын ғылыми әдістер қолданылған. Бұл әдістер авторға зерттеудің теориялық негіздерін жүйелі түрде тұжырымдап қана қоймай, олардың практикалық тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік берген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы шеттілдік медиакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымын авторлық тұрғыдан интерпретациялауымен байланысты. Автор оның құрамына, мәні мен мазмұнына зерттеу жұмысының бір тарауын арнап, жасалған ғылыми ізденіс нәтижелерін диссертация мәтінінде ұсынған

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – докторант Арайлым Муратбековна ұсынған әдістемелік модель. Бұл модель мақсаттық,

тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалдық және нәтижелік блоктардан тұрады. Ұсынылған модельді педагогикалық эксперимент барысында жүзеге асыру болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу динамикасы мен лингводидактикалық шарттарды анықтауға, дайындалған жаттығулар жүйесі мен қолданылған оқыту технологияларының тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеуде ШМҚ деңгейін бағалаудың критерийлік жүйесіне ерекше назар аударылған, бұл алынған нәтижелердің ғылыми сенімділігін арттырады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі артықшылықтары ретінде мыналарды атап өтуге болады:

- зерттеудің жетекші идеясының жоғары деңгейде ғылыми негізделуі;
- жұмыстың құрылымдық логикасының айқын болуы және ғылыми тұжырымдардың жүйелілігі;
- теориялық және практикалық компоненттердің үйлесімді байланысы;
- автор әзірлеген әдістемелік модельдің жаңашылдығы мен мазмұндылығы;
- эксперименттік нәтижелерге терең ғылыми талдау жасалуы.

Зерттеу барысында автор ғылыми ойлаудың дербестігін, зерттеу процесін жүйелі түрде ұйымдастыра білу қабілетін және негізделген ғылыми қорытындылар жасау дағдысын көрсетеді. Бұл ғылыми зерттеудің академиялық этика талаптарына толық сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығымен, теориялық маңыздылығымен және практикалық құндылығымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері медиасала мамандарын шетілдік даярлау әдістемесін жетілдіруге елеулі үлес қосады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «Болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі доктор философиясы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберілуге ұсынылады.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор,
Лингводидактика кафедрасының
менгерушісі «Мәскеу мемлекеттік
лингвистикалық университеті» Мәскеу
қ., Ресей Федерациясы

Г.М. Фролова

